Комиссия мүшелеріне

Хаттамалық шешімге шағым жасау

Мемлекеттік сатып алу туралы заңының **4-тарау, 25-бап**. Тапсырыс берушінің, ұйымдастырушының, бірыңғай ұйымдастырушының, сараптама комиссиясының (сарапшының) әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), шешімдеріне шағым жасау.

Егер тапсырыс берушінің, ұйымдастырушының, бірыңғай ұйымдастырушының, сараптама комиссиясының (сарапшының) әрекеттері (әрекетсіздігі), шешімдері әлеуетті өнім берушінің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзса, әлеуетті өнім беруші конкурс, аукцион тәсілімен мемлекеттік сатып алудың қорытындылары туралы хаттама орналастырылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде олардың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), шешімдеріне веб-портал арқылы шағым жасауға құқылы.

Осы ретте Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыспен **№15164294-ГСЗ1** көзделген көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алудың қорытындылары туралы хаттаманың және қағиданың 412-тармағында көзделген критерийлердің салыстырмалы мәнін қолдану нәтижелері туралы комиссия мүшелері бізге тиісті **4 балл** берген ***(8 жылдан аса жұмыс тәжірибесі үшін)***. Алайда біздің, «Қармақшы жастары» ЖҚБ – нің осы **10 жыл жұмыс** тәжірибемізді, Конкурсқа қатысушылардың шартты бағаларының есебіне енгізбеген, аталған шағым бойынша конкурс хаттамасын қайта жасауды және жұмыс тәжірибесін енгізуді сұраймын.

Шағым қанағаттандырылмаған жағдайда 10 жұмыс күнінде сотқа жолдайтын боламыз!



«Қармақшы жастары» ЖҚБ Төраға ЭЦҚ арқылы қол қойылды **Д.Жиенкужаев**